

**2019 ЖЫЛҒЫ «ҚАЗПОЧТА» АҚ  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ  
КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ  
ЕСЕП**

**Астана қ., 2020**

**2019 жылғы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиясы және дамуы  
комитетінің қызметі туралы  
ЕСЕП**

**1. Директорлар кеңесінің стратегиясы мен дамуы комитетінің қызметін ұйымдастыру**

Директорлар кеңесінің стратегиясы мен дамуы комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне есепті болады және өзінің қызметін 24 қазан 2019 жылғы Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиясы және дамуы комитеті туралы Ережелеріне сәйкес іске асырады.

Комитет қызметінің мақсаты сұрақтарды тереңінен және мұқият қарастыру және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыру үшін Директорлар кеңесіне кеңестерді ұсыну болып табылады.

Комитеттің тапсырмалары мынандай сұрақтар бойынша шешімдерді қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне кеңестерді ұсыну:

- 1) Қоғамның Даму стратегиясын анықтау және оның іске асырылуын қадағалау;
- 2) ұзақ мерзімді кезеңде Қоғам дамуының стратегиялық мақсаттары мен тапсырмаларын қарастыру және бекіту;
- 3) Қоғамның инновациялық стратегиясын іске асыру;
- 4) Қоғамның инвестициялық қызметін іске асыру;
- 5) «Қазпочта» АҚ Цифрлік түрлендіру бағдарламасын іске асыру;
- 6) Қоғамды жекешелендіру мәселелерін қарастыру;
- 7) тұрақты даму, сондай-ақ Қоғамның мүдделі тараптармен жұмыс істеу мәселелері бойынша.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Комитеттің сандық құрамын, уәкілдік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың уәкілдіктерін мерзімнен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің уәкілдігіне жатады.

**Комитеттің Төрағасы ретінде «Қазпочта» АҚ Аға тәуелсіз директоры Жандосов Ораз Алиевич сайланды**, бұл Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

2019 жылы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиясы және дамуы комитетінің құрамына мыналар кірді:

*1-кесте Стратегия және даму комитетінің құрамы (01.01.2019ж. жай-күйі бойынша)*

<b>Стратегия және даму комитетінің құрамы</b>			
<b>№</b>	<b>Т.А.Ә.</b>	<b>Қызметі</b>	<b>Сайланған күні:</b>
1	Жандосов Ораз Алиевич	Комитет Төрағасы, «Қазпочта» АҚ Аға тәуелсіз директоры	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап
2	Саудабаев Серик Болатович	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының «Көлік және коммуникациялар» секторының басшысы	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап
3	Марк Дэвид Хьюз	Комитет Төрағасы, «Қазпочта» АҚ Тәуелсіз директоры	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап
4	Дагарова Алия Мейрамовна	Комитет сарапшысы, «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының «Көлік және коммуникациялар» секторының аға менеджері	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап

2019 жылдың ішінде Стратегия және даму комитеттің құрамы өзгермеді.

Комитет Комитет Сарапшысы А.М. Дагарованың жұмысын жоғары бағалайды. А.М. Дагарова Комитет жұмысының тиімділігінің арттыруына себептес болатын қажетті кәсіби білімдеріне ие жоғары білікті маман болып табылады.

## **2. 2019 жылғы Директорлар кеңесінің стратегиясы және дамуы комитетінің қызметі**

2018 жылдың 5 желтоқсанында Комитет 2019 жылғы Жұмыстар жоспарын бекітті.

2019 жылы Комитеттің 8 бетпе-бет отырыстары өткізілді. Отырыстардың күн тәртіптеріне сәйкес Комитет 33 сұрақ қарастырды да, «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесіне тиісті кеңестер берді.

Есептік кезеңі ішінде Комитеттің отырыстарында Комитеттің уәкілдігіне кіретін қызметтің барлық сұрақтары қарастырылды.

### ***Қоғамның стратегиясы және ұзақ мерзімді дамуы сұрақтары бойынша***

Мыналар егжей-тегжейлі қарастырылып, бекітуге ұсынылды:

- 2020-2024 жылдарға арналған «Қазпочта» АҚ Бизнес жоспары;
- «Қазпочта» АҚ Даму стратегиясына өзгерістер және толықтырулар;
- 2027 жылға дейін «Қазпочта» АҚ Даму стратегиясын іске асыру бойынша жаңа редакциядағы жол картасы;
- «Қазпочта» АҚ жекешелендіру бойынша тұжырымдамалық іс-шаралар жоспары;
- 2021 жылдың қорытындылары бойынша ROIC және EBITDA мақсатты көрсеткіштеріне жету бойынша іс-шаралар жоспары;
- 2027 жылға дейін «Қазпочта» АҚ Даму стратегиясын орындау бойынша бірыңғай есеп (тоқсан сайын).

2019 жылы Комитет «Қазпочта» АҚ Даму стратегиясына және тұрақты даму сұрақтарына баса назар аударып отырды:

1) 15 наурыз 2019 жылы, «Қазпочта» АҚ алдағы жекешелендіруінің аясында «Қазпочта» АҚ Даму стратегиясына өзгерістер және толықтырулар бекітілді;

2) 25 маусым 2019 жылы 2019 жылдың маусым айына жоспарланған Директорлар кеңесінің отырыстары аясындағы карточкалық бизнесті дамыту бойынша стратегиялық сессия өткізілді;

3) 23 қазан 2019 жылы 2019 жылдың қазан айына жоспарланған Директорлар кеңесінің отырысы аясында агенттік қызметтерді дамыту, төлем құралдары, жаңа клиенттерді тарту сұрақтары бойынша стратегиялық сессия өткізілді;

Директорлар кеңесінің өткізілген екі стратегиялық сессиялардың қорытындылары бойынша 2027 жылға дейін Қоғамның қолданыстағы Даму стратегиясын жаңарту бойынша ұсыныстар берілді.

### ***«Қазпочта» АҚ Цифрлік түрлендіру сұрақтары бойынша***

«Қазпочта» АҚ Түрлендіру бағдарламасының Жобалар және іс-шаралар қоржынын іске асыру жұмыстарының егжей-тегжейлі оңалыс қарастырылып отырды, соның ішінде олардың табысты іске асырылуы үшін ұсыныстар берілді.

2019-2023 жылдарға «Қазпочта» АҚ Цифрлендіру стратегиясы қарастырылып, бекітуге ұсынылды.

Бұдан басқа, 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Цифрлік түрлендіру бағдарламасының бөлшектенген шеткі нәтижелеріне жету бойынша жол картасы қарастырылып, Қоғамның Директорлар кеңесінің бекітілуіне ұсынылды.

### ***Келесі сұрақтар егжей-тегжейлі қарастырылды:***

- ПЕЖ (Пошталық-есептік жүйе) ақпараттық жүйесінің қолданылу нәтижелері және тиімділік көрсеткіштері;

- «Қазпочта» АҚ қызметінің е-commerce есебі;
- «Қазпочта» АҚ пошталық, қаржылық және агенттік қызметтерінің маркетингі және тариф құрылуы бойынша ақпарат;
- 2018 жылғы «Қазпочта» АҚ жылдық есебі.

**Жартыжылдық негізде мыналар қарастырылып, еске алынды:**

- еншілес және тәуелді ұйымдарды басқару туралы, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерінің «Қазпочта» АҚ-ң 2018 жылдың 1-ші жартыжылдығы үшін қызмет көрсеткіштеріне ықпалы туралы.
- «Қазпочта» АҚ Тұрақты дамуы туралы есеп;

**Сондай-ақ Комитет өзге де сұрақтарды қарастырды:**

- SAP ERP жобасын іске асыру барысы туралы;
- Colvir АЖ жұмыс істеуі туралы;
- пошталық байланысты дамыту үшін ЭПО Біріктірілген индексі туралы және «Қазпочта» АҚ TOP-20 ену үшін іс-шаралар туралы;
- 2018 жылға «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиясы және дамуы комитетінің қызметі туралы есеп;
- Жалғыз акционерге өтіп кеткен қаржылық жыл үшін «Қазпочта» АҚ таза табысты бөлу тәртібі туралы және «Қазпочта» АҚ бір қарапайым акция үшін есебінде 2018 жылға дивидендтердің мөлшері туралы ұсыныстарды беру туралы;
- «Қазпочта» АҚ түрлендіру жобаларына Жарғылық капиталдың қаражаттарын жұмсау бойынша есеп.
- «Қазпочта» АҚ өзіндік капиталының мөлшерінен он және одан да артық пайызын құрайтын мөлшерге оның міндеттерін артуына әкелетін мәмілені жасау туралы;

2019 жылдың 20 қыркүйегінде Комитет мүшелері «Қазпочта» АҚ карточкалық бизнесті дамыту бойынша жұмыс тобының отырысына қатысты. Бұдан басқа, олар «Қазпочта» АҚ ең жаңа түрлендірулері» тақырыбына «Қазпочта» АҚ менеджментіне сұхбат берді.

2019 жылдың 24 қазанында Комитет «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиясы және дамуы комитеті туралы ережелері қарастырылып, Директорлар кеңесінің бекітілуіне ұсынылды.

2019 жылдың 11 желтоқсанында "КПМГ Такс энд Эдвайзори" ЖШС «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері үшін «Корпоративтік басқару және тұрақты даму» тақырыбына оқыту семинарын өткізген болатын. Комитет мүшелері жоғарыда көрсетілген семинарға қатысып, сертификаттарды алды.

3-кесте Стратегия және даму комитетінің отырыстары (01.01.2019ж. жай-күйі бойынша)

Стратегия және даму комитеті мүшелерінің 2019 жылдағы отырыстарға қатысуы				
№	Т.А.Ә.	Барлығы отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Жандосов Ораз Алиевич	8	8	100
2	Саудабаев Серик Болатович	8	8	100

3	Жуков Дмитрий Николаевич	8	8	100
4	Дагарова Алия Мейрамовна	8	8	100

Төраға Жандосов Ораз Алиевич «Қазпочта» АҚ қызметінің сұрақтары бойынша «Қазпочта» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен және Басқарма мүшелерімен кездесулердің бірқатарын өткізді.

### **3. Стратегия және даму комитетінің қызметіне баға беру**

9 ақпан 2018 жылғы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 01/18 хаттамасы) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және директорларының бағалау сұрақтарын реттейтін «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесінің мүшелерінің және Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау ережелері бекітілді. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына үлесін бағалауға, сондай-ақ жақсартулар үшін бағыттарды анықтауға және іс-шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. «Қазпочта» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процесінің аясында жыл сайынғы бағалаудың өткізілуін қарастырды. Осы ретте тәуелсіз кәсіби ұйымның тартуымен үш жылда бір реттен сирек емес бағалау өткізіледі.

2019 жылдың 24 қазанында Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Корпоративтік хатшысының қызметін өзін-өзі бағалау шешімі қабылданды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері 2020 жылдың 11 ақпанында Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында қарастырылатын болады. Өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша Комитет мүшелерінің дамытуы бойынша іс-шаралар жоспары қабылданатын болады.

### **4. Қорытынды**

2019 жылы ішінде Комитет туралы Ережелерге, сондай-ақ 2019 жылға Комитет жұмысының жоспарына сәйкес Комитет мақсаттарын, тапсырмаларын және функционалдық міндеттерін толық көлемде орындап шықты.

Комитет өзінің отырыстарының күн тәртібінің барлық сұрақтары қарастырды, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған өлшенген және байсалды кеңестер берді.

Комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыруына және Қоғамның корпоративтік басқаруына қатысты Жалғыз акционердік болжалдарына жауап беретіндігін атап өткен жөн.